

## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 632	▲ 0,48%	▲ 13,0%
NASDAQ	22 471	▲ 0,94%	▲ 16,5%
DJIA	46 142	▲ 0,27%	▲ 8,8%
CBOE Volatility Index (VIX)	16	▼ -0,13%	▼ -12,4%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	9 228	▲ 0,21%	▲ 11,7%
DAX	2 009	▲ 1,40%	▲ 17,8%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	26 545	▼ -1,35%	▲ 35,3%
Nikkei 225	45 804	▲ 2,26%	▲ 14,8%
Shanghai SE	3 832	▼ -1,15%	▲ 17,4%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 156	▲ 1,28%	▲ 26,0%

### Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 0,48%-ға өсіп, \$6 631,96-ға жетті; Nasdaq Composite 0,94%-ға көтеріліп, \$22 470,72 болды; DJI 0,27%-ға қымбаттап, \$46 142,42 құрады. S&P 500 құрамындағы 11 сектордың 9-ы сауда барысында өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары Information Technology (+2,2%), Industrials (+0,9%) және Health Care (+0,7%) секторлары болды. Негізгі аутсайдерлер қатарында Consumer Staples (-0,3%) және Communication Services (-0,2%) секторлары тұрды.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	9 968 803 073 163	-0,2%	4,9%	29,4%
Consumer Discretionary	6 636 674 596 189	0,3%	2,8%	17,9%
Consumer Staples	3 317 443 672 562	-0,3%	-4,6%	-9,5%
Energy	1 616 205 118 834	0,0%	5,0%	3,2%
Financials	8 140 920 456 097	0,3%	1,3%	16,3%
Industrials	4 588 978 589 616	0,9%	0,9%	14,2%
Information Technology	19 372 858 460 783	2,2%	8,2%	27,1%
Materials	1 026 413 241 733	0,1%	0,3%	-3,9%
Real Estate	1 056 327 385 141	0,3%	1,3%	-8,4%
Utilities	1 162 568 357 608	0,1%	-1,8%	9,2%
Health Care	5 160 732 861 884	0,7%	-0,7%	-9,0%

Бейсенбіде америкалық қор индекстері қайтадан рекордтық деңгейлерге жетіп, ФРС негізгі мөлшерлемені 25 б.п.-қа төмендетіп, 4–4,25% дәлізіне түсіру туралы шешімінен кейін өсімін жалғастырды. Бұл қадам ақша-кредит саясатының одан әрі жұмсаруы туралы күтулерді күшейтіп, инвесторлардың әсіресе жасанды интеллектпен байланысты технологиялық компания акцияларына қызығушылығын арттырды.

Макроэкономикалық деректер еңбек нарығының баяулап келе жатқанын көрсетеді. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға алғашқы өтімдер саны 33 мыңға азайып, 231 мыңға жетті, дегенмен жалпы еңбекке сураныс пен ұсыныс төмендеуде. Экономистер мұны тарифтік саясат тудырған белгісіздікпен байланыстырады. ФРС төрағасы Джером Пауэлл жұмыспен қамтылу динамикасы реттеушінің болашақтағы шешімдерінде шешуші фактор болатынын атап өтіп, мөлшерлемені тағы да төмендетуге орын қалдырды.

Негізгі оқиға Intel акцияларының соңғы қырық жылдағы ең жоғары қарқынмен қымбаттауы болды — өсім шамамен 23%-ды құрады. Бұған Nvidia компаниясының \$5 млрд инвестиция салатыны және үлесін шамамен 4%-ға дейін ұлғайтатыны туралы жаңалық түрткі болды. Ынтымақтастық аясында тараптар ДК мен деректер орталықтарына арналған чиптерді бірлесіп әзірлеуді жоспарлап отыр: Intel процессорларды жеткізіп, ораумен айналысады, ал Nvidia негізгі шешімдерінің өндірісін басқа мердігерлер арқылы жалғастырады. Бұл Intel үшін ұзақ жылғы қиындықтардан кейін бизнесті қайта жандандыру мүмкіндігі болып отыр.


Жұма күні Дональд Трамп пен ҚХР төрағасы Си Цзиньпин сауда және технология мәселелеріне арналған келіссөздер өткізеді. Апта ішінде тараптар телефон әңгімесіне дейін түрлі сигналдар беріп, бірқатар алдын ала келісімдерге келді. TikTok төңірегіндегі мәміле соңғы кезеңге жетті; Huawei көп жылдан кейін алғаш рет чиптер мен есептеу қуатына қатысты жоспарларның ашық жариялауы; Қытай билігі технологиялық компанияларға жасанды интеллектке арналған Nvidia чиптерін сатып алмауды және бұрынғы тапсырыстарды жоюды бұйырды, сондай-ақ Google-ға қатысты монополияға қарсы тергеуді аяқтауға жақындады.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	375	0%	36,8%
Банк ЦентрКредит	5 056	1%	120,6%
Kcell	3 350	0%	-0,9%
Казатомпром	27 600	2%	35,0%
КазТрансОйл	821	0%	-0,3%
KEGOK	1 457	0%	-4,2%
Kaspi.kz	49 200	3%	-10,3%
КазМунайГаз	21 658	2%	48,0%
Эйр Астана	767	1%	-32,9%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	540,53	0,01%	3,0%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	11,57	1,04%	-17,4%
EUR/USD	1,1786	-0,22%	14,8%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://csec.kz/>

# Байланыс



---

## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.